

Қатысқандар 9 адам

Қатыспағандар 2 адам

Қарастырылатын сұрақтар:

1. «Оқуға құштар мектеп» жобасын мектепте жүзеге асыру ерекшелігі
2. «Заманауи мектеп» жобасын жүзеге асыру

1-сұрақ бойынша директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Г.Бакирбекова республикалық деңгейде жүзеге асырылып жатқан «Оқуға құштар мектеп» жобасының мақсат-міндеттерімен, өзектілігімен таныстырып өтті. Жобаның ұсынылған модульдері бойынша түрлі бағытта жоспарлар бекіту мүмкіндігі де ұсынылды. «Мектеп-оқушы-ата-ана», «Отбасы — кітаптар» модулі бойынша кеңес мүшелеріне отбасылық тәжірибемен бөлісу ұсынылды.

Кеңес мүшесі А.Т.Кожаберженова «отбасылық кітап оқу дәстүрін» қалыптастырудың маңыздылығына тоқтала келе, балаларға мерекелерде кітап сыйлау үрдісін енгізу қажеттілігін ұсынды. Сондай-ақ отбасылық кітапхана қорын жинақтау, оны балаларға насихаттау бойынша ойын білдірді. Кеңес төрағасы Е.М.Машгутов балаларды кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру бағытында мектепшілік сайыстар, байқау өткізудің қажеттігін айтып өтті. Сондай-ақ кеңес мүшелеріне берілген ұсыныстарды ескере отырып, мектепшілік жоспар таныстырылды. «Оқуға құштар сынып», «оқуға құштар оқушы» мектепшілік байқауларының жеңімпаздарын анықтау жүйесі талқыланды.

2-сұрақ бойынша гимназия директоры А.Дюсембаев «Заманауи мектеп» жобасының ерекшелігіне тоқталды. Жоба тек жоспарлы жөндеу жұмысы ғана емес, білім беру ұйымдарын толық қамтамасыз ету жүйесінің жаңаруы ретінде қарастыруды, оқушылардың қауіпсіздігі, материалдық - техникалық базаның барлық білім беру процесіне қатысушыларға ыңғайлылығы көздейтінін айтып өтті. Павлодар қаласында осы жоба бойынша өзгертілген мектептердің таныстырылымын көрсетіп өтті. Жоба ата-аналарға ұнады. Кеңес мүшесі Г.Курлеутова болашақта балаларға велосипед қоятын орынның, спорт алаңдарының жабыны туралы ұсыныстар айтты. Сондай-ақ кабинеттер мен дәліздерді безендіру бойынша ұсынылған үлгілер талқыланып, ата-аналар мектеп формасына логотипті енгізу т.б атрибутикалар туралы өз пікірлерін білдірді. «Заманауи мектеп» жобасы туралы кеңес төрағасы Е.Машгутов ата-аналардың бұл жобаны қолдайтынын және балалардың жайлы және ыңғайлы, заманауи мектепте білім алып, дамуына толық жағдай жасалатынына сенім білдірді.

Шешімі: 1. «Оқуға құштар мектеп» жобасының жүзеге асырылуы мен мектепшілік байқауды өткізу және марапаттау шараларына кеңес мүшелері А.Ахмекенова мен А.Кожаберженованы белсенді қатыстыру.

2. «Заманауи мектеп» жобасын жүзеге асыруда кеңес мүшелерінің ұсыныс, пікірлерін ескеру

1. Машгутов Е.М.

2. Курлеутова Г.М.

3. Есельбаева М.М.

4. Бекмурзина А.А.

5. Кожаберженова А.Т.

6. Бейсебаева А.А.

7. Асылханова Б.А.

8. Умурзакова А.С.

9. Ахмекенова А.С.